



# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫТ COVID-19-ҒА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫҢ АДАМ ҚҰҚЫҒЫНА ӘСЕРІ

**Шілде 2020 жыл**

**IPHR** International  
Partnership  
for Human Rights



Құжат Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы (АҚХҚБ) мен Адам құқықтары жөніндегі халықаралық әріптестік (IPHR) және оның Орталық Азиядағы үкіметтердің COVID-19 пандемиясы кезіндегі іс-әрекетін сараптап, құжаттайтын серіктестерімен бірлесіп дайындалды. Бұл бастамада сөз бостандығы, бейбіт жиын өткізу еркіндігі, әділ сотқа қол жетімділік және әлеуметтік әлсіз топтардың құқығына басымдық беріледі. Жалпы өңірлік есеп ретінде құрастырылған Орталық Азияға шолу, бұрынғы Кеңестер Одағына мүше елдер үкіметтерінің COVID-19 пандемиясы кезіндегі іс-әрекетін бағалау бойынша IPHR-дің кең ауқымды есебінің бір бөлігі болып табылады. Барлық есептер IPHR-мен бірге ұзақ жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан зерттеушілер мен ұйымдардың ақпараттары негізінде және IPHR-дың жеке зерттеулері бойынша жасақталған. Ақпараттарды жинақтау барысында біз COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген шектеулер контекстінде бұзылған адам құқықтарына баса назар аудардық. Бұған қоса, бұрыннан бері бар мәселелермен қатысы бар оқиғалардың пандемия кезіндегі жалғасын құжатқа түсірдік.



**IPHR** - International Partnership for Human Rights (Belgium)

**W** [IPHRonline.org](http://IPHRonline.org)

**T** @IPHR

**E** [IPHR@IPHRonline.org](mailto:IPHR@IPHRonline.org)

**F** @IPHRonline



**KIBHR** – Kazakhstan International Bureau for Human Rights and Rule of Law (Kazakhstan)

**W** <https://bureau.kz/en/>

**T** @bureau\_kz

**F** @kibhr

## **Мазмұны**

<b>Түйіндеме</b>	<b>4</b>
<b>COVID-19 ауруы</b>	<b>5</b>
<b>Пандемияға қарсы әрекет ету</b>	<b>7</b>
<b>Адам құқықтарын бұзу</b>	<b>13</b>
<b>Тұрғын үй мәселелері</b>	<b>19</b>
<b>Теңдік</b>	<b>21</b>
<b>Мигранттар және этникалық азшылық</b>	<b>22</b>

# Түйіндеме

Мониторинг нәтижесінде біз COVID-19 пандемиясына байланысты Қазақстанда 2020 жылы наурыз айының ортасынан бастап, шілде айының ортасына дейін қандай шаралар қабылданып жатқанына байланысты негізгі мәселелерді анықтадық.

COVID-19 пандемиясына жауап ретінде Қазақстан билігі бастапқы кезеңде ел азаматтарының жүріп-тұруын және негізгі бостандықтарын шектейтін қатаң карантиндік шараларды қабылдады. 2020 жылдың наурыз айында елде COVID-19 ауруының алғашқы жағдайы тіркелді. Шілденің ортасына қарай жұқтыру жағдайларының саны 63 000 мыңға дейін өсті. Бұл ретте індет жұқтырғандардың белгісіз бір бөлігі пневмония санатына жатқызылды. Жұқтыру деңгейі жаздың басында өсе бастады. Қазақстанда ауруханалар жұмыс істеп тұр, бірақ оларда орын жоқ, ал дәріханаларда дәрі-дәрмектердің тапшылығы байқалады.

Пандемияға тап болған соң Қазақстанда 2020 жылдың 16 наурызынан бастап ел тұрғындарының жүріп-тұру еркіндігін және басқа да негізгі бостандықтарын шектеу жөніндегі қатаң тыйым салу шараларымен қатар төтенше жағдай енгізілді. Шекара мен көптеген қалаларға кіріп-шығатын жолдар жабылды. Қала аумағында жүру шектелді. Көп қабатты үйлердің кейбір тұрғындарынан COVID-19 вирусын жұқтырғаны анықталған жағдайда, билік оларды мәжбүрлі түрде бұғаттады, саладырынан тұрғындар екі апта бойы үйлерінен шыға алмады. Карантин маусым айының басында жойылды, бірақ 5 шілдеден бастап жеңіл нұсқада қалпына келтірілді.

Қазақстандағы жағдайды сараптау нәтижесінде біз COVID-19 пандемиясы кезінде алаңдаушылық тудыратын келесі оқиғаларды құжаттадық:

- COVID-19 пандемиясына жауап ретінде енгізілген төтенше жағдай кезінде билік ұлттық заңнамаға бірқатар түзетулер енгізді, олардың кейбіреулері елдегі негізгі бостандықтарды қорғауға теріс әсер етті. Жергілікті азаматтық қоғам өкілдері мен халықаралық қауымдастықтың бейбіт жиындап туралы жаңа заңды қатаң сынауына қарамастан, ел президенті мамыр айында заңға қол қойды. Қорлау және жала жабуға байланысты баптың Қылмыстық кодекстен алынып, Әкімшілік кодекске ауыстырылғанын оң ілгерілеу ретінде атап өтуге болады.

- Қазақстанда карантин кезінде халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына 42500 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді.

- Сөз бостандығы: ел тұрғындарының көп бөлігі пандемиямен күреске байланысты үкіметке өз пікірін білдіру құқығын жүзеге асырғаны үшін қылмыстық тәртіппен қудалауға ұшырады. Атап айтқанда, белгілі азаматтық белсенді Әлнұр Ильяшев өз пікірін білдіргені үшін бас бостандығын шектеу жазасына кесілді.

- Бірлестіктер бостандығы: Осы кезең ішінде Қазақстанда Бірлестіктер құқығының бұзылуы жалғасуда. 2020 жылдың мамырында Нұр-Сұлтан қаласының соты тіркелмеген оппозициялық қозғалыс «Көше партиясын» «экстремистік ұйым» деп танып, жұмысына тыйым салды. Көптеген азаматтар «қозғалыс туралы ақпарат таратқаны үшін» ұйым жұмысына тыйым салынбай тұрып жауапқа тартылды.

- Карантин кезінде полиция қызметкерлері үйсіз-күйсіз адамдарға қатыгездік көрсеткені жөнінде және қалалар жабылып, жүріп-тұру шектелген уақытта билік тарапынан жеткілікті қолдау көрсетілмегені жөнінде ақпараттар тарады.

- Азаматтық қоғам биліктің пандемия кезінде қамаудағыларды ұстау жағдайын жақсарту үшін тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, қамаудағы азаматтардың COVID-19 вирусыннан қорғау үшін тиісті шаралар қолдануға қабілетсіздігін сынға алды.

• Қазақстандағы білім беру жүйесі COVID-19 пандемиясы кезінде енгізілген төтенше шаралардан айтарлықтай зардап шекті. Себебі мектептер мен университеттер жабылды, оқушылар мен студенттер наурыз айынан бастап жазғы демалыс басталғанға дейін қашықтан оқуға ауыстырылды. Онлайн-платформалар арқылы оқытуды қамтамасыз ету әрекеті сәтсіз болды.


• COVID-19 пандемиясына байланысты карантин уақытында Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының саны айтарлықтай өсті. Пандемия кезінде елде дағдарыс орталықтары жұмыс істеп, қолдау көрсетуді жалғастырғанның өзінде зорлық-зомбылық құрбандары жүріп-тұруға қойылған шектеулер салдарынан көмек алуда қиындықтарға тап болды.

## COVID-19 ауруы

Қазақстанда 13 наурыз күні жеті COVID-19 індетін жұқтыру фактісі тіркелгеннен кейін, ел аумағына вирустың келгені расталды. Маусым айына дейін вирус төмен деңгейде, баяу таралды, бірақ жағдай маусымның соңы мен шілденің басына қарай тез өзгере бастады. 8 шілдеде инфекция жұқтырғандардың орташа саны аптасына 1427 адамды құрады.<sup>1</sup>

### Қазақстанда тәулік ішінде жұқтырудың жаңа жағдайлары

#### Daily New Cases in Kazakhstan



Тәулігіне коронавирус жұқтырған жаңа жағдайлар.

Күнделікті жағдайлар

3 күндегі құбылмалы орташа мәні

7 күндегі құбылмалы орташа мәні

15 шілдеге дейін COVID-19 жұқтырудың 63 514-тен астам жағдайы тіркелді, оның ішінде 25 131-белсенді түрде, 38 008 сауығу жағдайы және 375 өліммен аяқталған жағдай тіркелді. Алайда, бұл сандар екі себеп бойынша нақты емес: біріншіден, симптомсыз емделушілерге байланысты, өйткені ауырған адамдардың жартысынан көбінде симптом байқалмайды немесе мүлдем жоқ. Бұл өз кезегінде ауруды қадағалауды қиындатады.<sup>2</sup>Екіншіден, бүкіл Қазақстан бойынша, оның ішінде жеке меншік медициналық мекемелерде қолданылатын (антиденелерге тестілер деп аталатын)

1 Барлық статистикалық деректер: <https://www.worldometers.info/coronavirus/country/kazakhstan/> (ағылшын тілінде).

2 <https://informburo.kz/novosti/za-sutki-v-kazahstane-vyyavili-534-bolnyh-covid-19-i-1096-bessimptomnyh-nositeley-virusa.html> (орыс тілінде)

коронавирусы арналған экспресс-тестілер мәселесі. Антиденелерге арналған тестілер көбіне сенімсіз және журналистік зерттеулерге сәйкес, нарықтың бұл саласы жемқорлыққа белшесінен батқан.<sup>3</sup> Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) сәуір айындағы баспасөз мәлімдемесіне сәйкес, антиденелерге арналған тестілердің сенімділігі 34%-дан 80%-ға дейін құбылмалы нәтиже көрсетеді.<sup>4</sup> Сонымен қатар, қазіргі уақытта бүкіл ел бойынша тараған пневмония эпидемиясы<sup>5</sup> COVID-19 инфекциясын қадағалауды қиындатып жіберді. БАҚ мәліметі бойынша, шілденің бірінші аптасына дейін Қазақстанда COVID-19 сынағы теріс емделушілерде 28 000 пневмония жағдайы тіркелген<sup>6</sup>. Науқастардың барлығы ауруханаларда емделуде.<sup>7</sup>

Денсаулық сақтау министрі пневмония мен COVID-19 вирусын жұқтырғандар саны өзара байланысты екенін 17 шілде күні мәлімдеді және статистика 2020 жылдың 1 тамызынан бастап біріктірілетін болды.<sup>8</sup>

Ауруханаларда орын жоқ, осыған байланысты адамдар үйлерінде емделуге мәжбүр. БАҚ маусым айының өзінде аймақтардағы ауруханаларда науқастар санының көптігіне байланысты қиындықтар туындап жатқаны хабарлады. Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ләззат Ақтаеваның айтуынша, маусым айының ортасына қарай еліміздің барлық аймақтарындағы ауруханаларда науқастарды қабылдау деңгейі 110-130%-ға жеткен.<sup>9</sup> Адамдар дәріханаларға кезекке тұруға мәжбүр. Ел арасында антибиотиктер және қызуды басатын дәрілерді қоса алғанда, базалық дәрі-дәрмектердің тапшылығы туралы алып-қашпа әңгімелер де бар.<sup>10</sup>

Президент Тоқаев 25 мамырда COVID-19 жұқтырған денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановты қызметінен босатты.<sup>11</sup> Оның орнына Алексей Цой тағайындалды. Хабарламалар бойынша 19 маусымда сондай-ақ бұрынғы президент Нұрсұлтан Назарбаевтан да вирусы арналған тесттің оң нәтижесі анықталған.<sup>12</sup>

Маусым айының аяғымен шілденің басында ауру жұқтырғандар санының күрт өсуіне байланысты карантин тәртібі 5 шілдеден бастап қайта қалпына келтірілді.<sup>13</sup>

3 <https://www.occpr.org/en/coronavirus/uncertain-diagnosis-the-murky-global-market-for-coronavirus-antibody-tests> (ағылшын тілінде)

4 <https://www.occpr.org/en/coronavirus/uncertain-diagnosis-the-murky-global-market-for-coronavirus-antibody-tests> (ағылшын тілінде)

5 <https://www.dw.com/ru/%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD-%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D1%8C-%D0%B2%D0%B2%D0%BE%D0%B4%D0%B8%D1%82-%D0%BA%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B8%D0%BD-%D0%B8%D0%B7-%D0%B7%D0%B0-%D0%BF%D0%BD%D0%B5%D0%B2%D0%BC%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D0%B8-%D0%B8%D0%BB%D0%B8-covid-19/a-54029300> (орыс тілінде) және <https://thediplomat.com/2020/07/china-missteps-with-wild-allegation-of-a-new-deadly-pneumonia-in-kazakhstan/?fbclid=IwAR3L78W3oujv5rP6ITH2MAfO6pNNCTbJm33r4aFgw07ccbfg0ajrB9m4blU> (ағылшын тілінде)

6 Шын мәнінде диагноз қойылған жағдайда барлығына тест жүргізілгені де, және олардың қашан жүргізілгені де және қандай тесттердің пайдаланылғаны да анық нақты емес. Егер пневмониямен ауырған 28 000 пациент COVID-19 жұқтырған болса, бұл Қазақстандағы ауру әлеуетінің деңгейі бірінші аптада 80 мыңға жуық жағдайды құрады дегенді білдіреді.

7 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/28-tyisyach-kazahstantsev-lechatsya-ot-pnevmonii-v-bolnitsah-407450/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/28-tyisyach-kazahstantsev-lechatsya-ot-pnevmonii-v-bolnitsah-407450/) (орыс тілінде)

8 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/statistiku-koronavirusu-pnevmonii-obyedinyat-kazahstane-408620/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/statistiku-koronavirusu-pnevmonii-obyedinyat-kazahstane-408620/) (орыс тілінде)

9 <https://ustinka.kz/kazakhstan/society/55838.html> (орыс тілінде)

10 <https://vlast.kz/novosti/40628-v-aptekah-almaty-sohranautsa-dlinnye-oceredi-i-po-preznemu-net-zaroponizatsii-i-antibiotikov.html> (орыс тілінде)

11 [http://www.akorda.kz/ru/legal\\_acts/decrees/o-naznachanii-coya-av-ministrom-zdravoohraneniya-respubliki-kazahstan](http://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/o-naznachanii-coya-av-ministrom-zdravoohraneniya-respubliki-kazahstan) (орыс тілінде) және <https://www.rferl.org/a/kazakh-health-minister-replaced-as-coronavirus-cases-surge/30690554.html> (ағылшын тілінде)

12 <https://astanatimes.com/2020/06/kazakhstan-first-president-nursultan-nazarbayev-tests-positive-for-coronavirus/> (ағылшын тілінде)

13 Жаңа карантин тәртібі төменде көрсетілетін бастапқы төтенше жағдай секілді соншалықты қатал емес.

# Пандемияға қарсы әрекет ету

Қазақстан пандемияның таралуына байланысты азаматтарды қорғау үшін уақтылы шаралар қабылдады. Бұл шаралардың заңдылығы, сипаты мен үйлесімділігі төменде талқыланатын болады.

*Төтенше жағдай*

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19-бен байланысты жағдайды жаһандық пандемия ретінде белгілегеннен кейін Қазақстанда 16 наурызда төтенше жағдай енгізілді. Осы мақсатта Қазақстанда Конституцияның 44-бабының 16-бөлігі қолданылды:

**«Республиканың демократиялық институттарына, оның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған ретте, Премьер-Министрмен және Республика Парламенті Палаталарының Төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Республика Парламентіне дереу хабарлай отырып, Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізуді, Республиканың Қарулы Күштерін қолдануды қоса алғанда, аталған жағдаяттар талап ететін шараларды қолданады;»**

*-ҚР Конституциясының 44-бабы.*

Төтенше жағдайлар туралы Заңға сәйкес, төтенше жағдай, басқалармен қатар, **эпидемиялық жағдай қаупі кезінде** енгізілуі мүмкін.<sup>14</sup> Төтенше жағдай бастапқыда 15 сәуірге дейін созылуы тиіс еді. Президент Тоқаев төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияны құруға өкім етті. Билік сондай-ақ келесі қосымша шараларды жариялады:

- Қоғамдық тәртіпті және стратегиялық маңызы бар объектілерді, оның ішінде халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін көлік пен объектілерді күзетуді күшейту;
- Ірі сауда алаңдарының (базарлар, сауда орталықтары және т. б.) жұмыс істеуін шектеу;
- Халық шоғырлануы жоғары сауда орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың және басқа да объектілердің жұмысын тоқтата тұру;
- Карантиндік және кең ауқымды санитарлық және эпидемияға қарсы шараларды енгізу;
- Спорттық және қоғамдық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық салтанаттар мен еске алу жағдайларын өткізуге тыйым салу;
- Барлық көлік құралдары үшін және барлық шекараларға қатысты Қазақстанға кіруді және шығуды шектеу (дипломатиялық корпус қызметкерлері мен Қазақстанға сыртқы істер министрлігі шақырған халықаралық ұйымдардың мүшелерін қоспағанда);
- Шараларды іске асыруға жауапты мемлекеттік ұйымдарды анықтау;
- Карантинді сақтауды қамтамасыз ету мақсатында төтенше жағдай енгізуді қамтамасыз ету және бақылауды күшейту үшін резервтік қаражат бөлу, сондай-ақ медициналық тексеру мен емделуден бас тартқан адамдарға қатысты шаралар.

Парламент пен үкімет кейбір төтенше жағдай шараларын қайта қарады. Оның ішінде құқықтарды шектеу немесе оны мүлде тоқтатуға байланысты мәселелер де бар. Алайда, БҰҰ-ның адам құқықтары туралы келісім органдары қабылдаған шектеулерді орындау үшін шараларды сот арқылы қадағалаудың жоқтығы байқалады. Мемлекет «төтенше жағдайлар кезіндегі заң талаптарын орындаудан бас тарту» туралы құжат шығарған жоқ.

## **Карантин, қатаң оқшаулау және бақылау-өткізу бекеттері**

Төтенше жағдаймен қатар Қазақстанда азаматтардың ел ішінде орын ауыстыруын қатаң бақылау шаралары енгізілді. Көптеген қалалар жол бөгеттері мен бақылау-өткізу бекеттерінің көмегімен жабылды және оларға ешкім кіріп-шыға алмады. Қалалардың жабылатыны туралы хабарлама бірнеше күн бұрын ғана айтылды. Барлық ішкі және халықаралық әуе байланысы алынып тасталды. Елден уақытында кете алмаған шетелдік азаматтар Қазақстанда 10 шілдеге дейін визасыз қалуға рұқсат алды. Қалаларда қозғалыс еркіндігін шектеу енгізілді. Мысалы, Алматыда автокөлікте жүру

14 [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1036912#pos=3;-106](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1036912#pos=3;-106) (орыс тілінде)

үшін азаматтардың көпшілігі үшін қиын немесе тіпті мүмкін емес болатын арнайы рұқсат талап етілді. Жүруге рұқсат етілген автокөліктер тізімі жасалды және бүкіл қала бойынша жол полициясының бақылау-өткізу бекеттері барлық автокөлік нөмірлерінің осы тізімге сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етті.

11 мамыр күні елорда аймағындағы Қаражар кентінің тұрғындары билікке блокты алып тастау туралы өтініш білдірді. Себебі Астанада екі шақырым жерде орналасқан ауылда су, электр жарығы және интернет жоқ. Тұрғындар жұмыс істеу үшін қалаға бару мүмкіндігінен айырылды. Облыс әкімі Бақытбек Оспанбеков Нұр-сұлтан қаласының муниципалитетімен сөйлесіп, кент тұрғындарын елордаға кіруге мүмкіндік беретін тізімге енгізуге уәде берді. Тұрғындар әкімінің уәдесіне қанағаттанбады және тарамас бұрын полиция мен арнайы жасақ қызметкерлерінің бақылауымен бірнеше сағат бойы кентте жиналыс өткізді.

Қозғалыс еркіндігіндегі шектеулерге азық-түлік сатып алу, медициналық көмек немесе дәріханаға барудан басқа себептермен үйден шықпау керектігі туралы белгілі ережелер мен шектеулер де кірді. Сауда жасау үшін тұрғылықты жерінен 2 шақырым қашықтыққа кетуге болмайды. Балаларға үйден шығуға тыйым салынды. Егер балалар көшеде жалғыз жүрсе, олардың ата-аналарына айыппұл салынатын болды. Спортпен таза ауада айналысуға тыйым салынған, ал саябақтар жабық. Полиция мен ұлттық гвардия көшелерді күзетіп, өтіп жатқан азаматтардан олардың жүріп-тұру мақсаттарын сұрап, тексеру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстанда карантиннің өте қатаң тәртібі енгізілді. Тұрғын үй кешендерін мәжбүрлеп жабу туралы хабарламалардан кейін, адам құқықтарының бұзылуына байланысты алаңдаушылық артты.

"Бұл шаралар негізсіз, пропорционалды емес және халықаралық құқықты бұзады. Өйткені олар денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты бір қауіпті (COVID-19) екіншісімен алмастырады (өрт, медициналық жедел жәрдем қызметіне қол жетімсіздігі және т.б.). Олар сондай-ақ халықаралық аренада аз көңіл бөлінетін елдердің тұрғындары тап болатын адам құқықтары мен сыбайлас жемқорлықты елемеуді еске салады".<sup>15</sup> – «Халықаралық рақымшылық» Ұйымы, 2020 жылғы 2 маусым.

16 наурызда Қазақстанның бас санитарлық дәрігері карантин режимінің енгізілетінін хабарлады. Осының негізінде карантиндік ауруханалардағы пациенттерге 14 күн бойы емдеу мекемелерінен кетуге, ал үйде оқшауланып жатқан ел тұрғындарына адам көп жиналатын орындарға баруға тыйым салынды. Талаптарды сақтамағандарға 15 күнге дейін әкімшілік қамау немесе медициналық мекемелерде күзетпен ұстау жазасы белгіленді. Мұндай істерге полиция мен санитарлық органдар бастамашылық етті, ал сот тыңдаулары қашықтан видеоконференция бойынша жүргізілді.

Мәжбүрлі түрде оқшаулау шаралары көптеп байқалды. Билік COVID-19 жұқтырған адамдар тұратын үйлердің есігін жауып тастады. Мысалы, Павлодар облысында 9 сәуірде бір көп қабатты үйдің кіреберіс есігін жауып тастаған<sup>16</sup>. Екі үйдің тұрғындары азық-түлік алу мүмкіндігінен айырылды. Павлодарда сонымен қатар кем дегенде екі тұрғын үй жатақханасының жабылғаны туралы хабарламалар келіп түсті, осының салдарынан тұрғындар ақшаға, тамаққа немесе медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізе алмады. Ақыр соңында тұрғындар азық-түлікті еріктілер тасымалдады. Мұндай жағдайлар Қарағанды<sup>17</sup>, Теміртау<sup>18</sup>, Ақтау<sup>19</sup>, Тараз<sup>20</sup>, Өскемен,<sup>21</sup> Алматы<sup>22</sup> және Нұр-сұлтан

15 <https://www.amnesty.org/en/latest/news/2020/06/central-asias-covid19/> (ағылшын тілінде)

16 [http://www.gorodpavlodar.kz/News\\_78428\\_2.html](http://www.gorodpavlodar.kz/News_78428_2.html) (орыс тілінде)

17

<https://rus.azattyq.org/a/30517363.html> және <https://www.facebook.com/groups/karaganda.kz/permalink/2549172621861770/> (орыс тілінде)

18 <https://newtimes.kz/obshchestvo/110656-zakryli-na-karantin-dver-v-podezd-zablokirovali-brevnom-v-temirtau> (орыс тілінде)

19 [https://total.kz/ru/news/obshchestvo\\_sobitiya/v\\_akimate\\_rasskazali\\_ob\\_izolirovannom\\_podezde\\_v\\_aktau\\_date\\_2020\\_04\\_05\\_11\\_52\\_33](https://total.kz/ru/news/obshchestvo_sobitiya/v_akimate_rasskazali_ob_izolirovannom_podezde_v_aktau_date_2020_04_05_11_52_33) (орыс тілінде)

20 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/podyezd-doma-otsepili-i-zakryili-na-karantin-v-taraze-398292/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/podyezd-doma-otsepili-i-zakryili-na-karantin-v-taraze-398292/) (орыс тілінде)

21 <https://www.amnesty.org/en/latest/news/2020/06/central-asias-covid19/> (ағылшын тілінде)



<sup>23</sup> сияқты қалаларда да тіркелді. Бұл жағдайлардың барлығы наурыз айының соңы мен сәуір айының ортасында болды.

### *Денсаулықты қорғау*

Қазақстанда әлеуметтік әлсіз топтарға мемлекет негізгі тауарлар мен қызметтерді ұсынды. Мұндай қолдау негізінен мұқтаж азаматтарға берілетін азық-түлік өнімдері бар тегін пакеттер түрінде жүзеге асырылды. 31 наурызда ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік көмек пакетін ұсыну жөнінде мәлімдеме жасап, медициналық қызметтер мұқтаж адамдарға тегін көрсетілетін болады деп кепілдік берді. Сондай ақ, билік ауруханалар мен денсаулық сақтау қызметкерлерін қорғау құралдарымен жабдықтау бойынша шаралар қабылдады, бірақ дәрігерлер мен медбикелер қорғаныш костюмдерінің саны жеткіліксіз екендігіне және көтеріміз деп уәде еткен жалақының көбейтілмегеніне шағымданды<sup>24</sup>. Медициналық мекемелердегі жағдай әлі де толыққанды ашық емес және жағдайдың ешқандай мониторингі жоқ.

Павлодардағы ауруханада пациенттің «Facebook» желісінде жазған хабарламаларында дәрі-дәрмектер мен жеке гигиена құралдарының саны жеткіліксіз екендігі айтылған. Азаматтық белсенді Евгений Хабаров ауыз судың жоқтығына және дезинфекциялық шаралардың жеткіліксіздігіне, сондай-ақ дәретхана қағазы мен сабынның жоқтығына шағымданды<sup>25</sup>. Белсенді шағымынан кейін, науқастарға су мен орамал берілді.

### *Азаматтар мен бизнесті қаржылық қолдау*

Қазақстан карантин мен пандемия кезінде азаматтарды қаржылық тұрақсыздықтан қорғау үшін бірқатар шаралар қабылдады. 23 наурызда президент Тоқаев карантиндік шаралардан зардап шеккен азаматтар мен отбасыларды қорғау керектігі жөнінде мәлімде жасады. Дағдарысқа қарсы шараларға мемлекет 10 миллиард АҚШ долларын бөлді. Дағдарыстан зардап шеккен кәсіпорындар мен жеке тұлғаларға мемлекеттік қолдау көрсетілді.<sup>26</sup> Қосымша көмек зейнеткерлер мен мемлекеттік қолдауды алушы өзге де топтарға берілді. Халықтың әлеуметтік әлсіз топтары (көп балалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі адамдар және т.б.) тегін азық-түлік өнімдерін алды.

Билік бірінші қажеттілік тауарларын инфляциядан қорғау және жаппай сатып алуды болдырмауға байланысты бірқатар шараларды қабылдады. Карантиннен зардап шеккен кейбір өңірлерде мүгедектер, көп балалы отбасылар, ардагерлер, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлер және халықтың басқа да осал топтары үшін коммуналдық төлемдерді төлеу үшін мемлекет екі айға 15 000 теңге (32 еуро немесе 37 АҚШ доллары) бөлді. Мемлекет сондай-ақ зейнетақы мен мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап 10 пайызға арттырды.

Билік шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) үшін салықты төмендетті, жеңілдікпен несиелендірудің мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, ШОК-ті тұрақты тексерулерден босатты.<sup>27</sup> Сондай-ақ шағын бизнеске төтенше жағдай кезінде банктік кредиттер бойынша төлемдерді тоқтата тұру және салықтарды мен басқа да міндетті төлемдерді үш айға дейінгі мерзімге кейінге қалдыру түрінде қолдау көрсетті. Импортқа, сатуға және кейбір тауарларды (мысалы, бензин) салықтан ішінара босату 2020 жылдың қазан-желтоқсан айларына дейін енгізілді. Аталмыш өзгерістер 2020 жылдың 17 сәуірінде жарияланды.<sup>28</sup>

---

22. [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/esche-odin-dom-zakryili-na-karantin-v-almatyi-smi-395393/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/esche-odin-dom-zakryili-na-karantin-v-almatyi-smi-395393/) (орыс тілінде)

23. <https://www.currenttime.tv/a/nursultan-zakryli-na-quarantine-rajon/30559584.html> (орыс тілінде)

24. Қоқысқа арналған қаптардан қорғаныш костюмдерін киген денсаулық сақтау қызметкерлерінің тексерілмеген бейне роликтері әлеуметтік желілерде таралды. Биліктер бұл бейнелердің Қазақстанда түсірілгендігін бекітуден бас тартады [https://baigenews.kz/news/zashchitnye\\_kostyumu\\_iz\\_musornykh\\_paketov-skandalnoe\\_video\\_obyasnil\\_sovetsnik\\_akima\\_zhambylskoy\\_obla/](https://baigenews.kz/news/zashchitnye_kostyumu_iz_musornykh_paketov-skandalnoe_video_obyasnil_sovetsnik_akima_zhambylskoy_obla/) (орыс тілінде)

25. <https://www.facebook.com/evgenHB/posts/1128253017523972> (орыс тілінде)

26. <https://yandex.kz/turbo/s/zakon.kz/5018220-kak-gosudarstvo-podderzhivaet.html> (орыс тілінде)

27. Осыған қарамастан, қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар COVID-19 бойынша тұрақты түрде тазалау, қашықтықты сақтау, антисептиктердің және тағы да басқардың болуы секілді алдын алу шараларын сақтау мәніне қатысты қатаң тексерістерге ұшырауда.

28. <https://zonakz.net/2020/04/17/kakie-nalogovyie-poslableniya-predlozheny-biznesu-v-kazaxstane-iz-za-krizisa/> (орыс тілінде)

Бөлінген 10 млрд АҚШ доллардың 740 млн АҚШ доллары еңбекпен қамтамасыз етуді қолдауға жіберілді. Осы шараларға сәйкес, азаматтар 42 500 теңге көлемінде (шамамен 92 еуро немесе 104 АҚШ доллары) қаржылық көмек алуға өтініш беру мүмкіндігіне ие болды. Өтемақы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар мен салық төлемеген адамдар үшін де қол жетімді болды.

Мемлекет сондай-ақ бюджетке төленетін төлемдер мен әлеуметтік төлемдерді 2020 жылдың маусымына дейін кейінге қалдыруға рұқсат етті.

#### *Ақпаратты тарату және деректердің құпиялылығы*

Пандемия кезінде ақпарат бостандығы мен сандық құпиялыққа қатысты заңдарға түзетулер енгізілді. 25 маусымда президент цифрлық қауіпсіздік туралы<sup>29</sup> заңнамаға өзгерістер енгізді.<sup>30</sup> Түзетулер азаматтық қоғаммен талқыланды, пандемия кезінде қабылданды.<sup>31</sup>

Пандемия кезінде билік дағдарыс және вирусқа қарсы күрес бойынша жүргізілетін шаралар туралы күнделікті брифингтер өткізді. Ақпарат министрлігіне жұртшылыққа арналған күнделікті брифингтер өткізу, тиісті ақпаратты таратуды қамтамасыз ету және жағдай туралы ақпарат беруге арналған веб-сайт құру тапсырылды. Ақпараттар қазақ және орыс тілдерінде ұсынылды. Алайда, әлеуметтік әлсіз азшылықтар мен мигранттар үшін денсаулықты қорғау мен өмір сүруге арналған құралдарды беру үшін ешқандай арнайы шаралар қабылданған жоқ, ал COVID-19 туралы қоғамдық ақпарат басқа тілдерге аударылмады. Медиа арналар халық арасында пандемияның алдын алу және оған қарсы күрес шаралары туралы ақпаратты тарату үшін пайдаланылды. Сонлай ақ ақпараттар түрлі мемлекеттік сайттарда қол жетімді болды. Интернет елдің көптеген аймағында бар, бірақ үкімет ғаламтор төлемдерін төлей алмағандарға көмектесу шаралар қабылдаған жоқ. Интернеті жоқ немесе интернет пайдаланушылары болып табылмайтын адамдар (мысалы, егде адамдар) теледидардан ақпарат алуға мәжбүр болды. Ондағы ақпараттар нақты емес. Азаматтарға БАҚ-тағы ресми мемлекеттік ақпаратты әртүрлі телеарна мен сан түрлі сападағы расталмаған жаңалықтардан ажырату оңай болмауы мүмкін.

Сондай-ақ жеке құпия медициналық деректерді жариялау жағдайлары тіркелді. Батыс Қазақстанда полиция Атырауда іссапарда болған COVID-19 жұтырған Орал тұрғыны туралы жеке ақпараттың жариялануына қатысты алдын ала тергеу жұмыстарын бастады. Кейіннен науқас Оралдағы жұқпалы аурулар ауруханасына ауыстырылды. Бірақ оның диагнозы, жеке ақпараты мен мекен-жайы әлеуметтік желілер мен хат алмасу қосымшаларында жарияланды. Бұл құқық бұзушылық жеке деректерді қорғауды реттейтін Қылмыстық кодекстің 147-бабының 5 бөліміне сәйкес қылмыстық іс болып табылады.<sup>32</sup> Мұндай жағдайлар Шымкент қаласы мен Қазақстанның басқа да аймақтарында тіркелген.

#### *Соттар мен Парламенттің жұмыс істеуі*

Соттар бейнеконференция арқылы қашықтан жұмыс істеді. Көптеген сот талқылаулары АТ-технологияларын қолдану арқылы жүргізілді.<sup>33</sup> Жоғарғы Сот, соттардың төтенше жағдай кезінде қашықтан жұмыс істеуі өте тиімді болғанын мәлімдеді.<sup>34</sup>

Төтенше жағдай жойылғаннан кейін соттар өз жұмысын қайта бастады. Бірақ көптеген сот процестері әлі күнге дейін онлайн режимде өтуде. Осы уақытқа дейін тек ерекше жағдайларда сот ғимаратында тараптардың қатысуымен қылмыстық істер бойынша сот тыңдауларын өткізуге рұқсат етілуде.<sup>35</sup>

29 <https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo-respubliki-kazahstan-premer-ministr-rk/svyaz/id-P1900001001/> (орыс тілінде)

30 <https://www.inform.kz/ru/prezident-rk-utverdil-popravki-v-zakonodatelstvo-po-voprosam-regulirovaniya-cifrovyyh-tehnologiy-a3666025> (орыс тілінде)

31 <https://www.instagram.com/p/CCdNziZHHqA/?igshid=1claurdpdr0of> (орыс тілінде)

32 [https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj\\_kodeks/147.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/147.htm) (орыс тілінде)

33 <http://sud.gov.kz/rus/news/o-rezhime-raboty-sudov-respubliki-v-ramkah-chp> (орыс тілінде)

34 <http://sud.gov.kz/rus/news/sudy-kazahstana-pereshli-na-distancionnyy-format-raboty-iz-za-rezhima-chp> (орыс тілінде)

## Қамауға алу және ұсталғандарды ұстау шарттары

Төтенше жағдай кезінде әділ сот талқылау құқығы бірқатар жағдайларда бұзылды.

Қашықтан тыңдауларда әділ сот талқылауының кепілдіктері әрдайым сақтала бермейді. Сот тыңдауларындағы кідірістер айыпталушыларға әсер етуі мүмкін.

Тиісті техникалық жабдықтар мен байланыс жүйелерінің болмауы айыпталушының тең дәрежеде және тиімді қатысу қабілетіне әсер етуі мүмкін. Қазақстанда мемлекет айыпталушының телефон байланысына жедел, тұрақты және кедергісіз қол жеткізуіне кепілдік бере алмады. Сотталушыларға бейнеконференцияға арналған байланыс құралдары берілді және олардың адвокатпен құпия түрде қарым-қатынас жасай алатын жерлерде кездесу құқығы сақталды. Бір жағдайда АҚМЗСЖҚХБ-на жауапкер мен адвокаттың іс материалдары мен тергеу құжаттарына қол жеткізе алмағандығы жөнінде хабарлады. Бұған қоса, ұсталғандар қолданыстағы құқықтық рәсімдерге сәйкес, өздерінің қамауда ұсталуын даулай алмады. Ұсталғандарға жеткілікті түрде тамақ, су берілмегені, дәретханалардың, қол жуғыштар мен кереуеттердің болмағаны туралы хабарламалар келіп түсті.<sup>36</sup>

Қазақстан Үкіметі қамаудағылар мен ұсталғандардың ішінен COVID-19 жұқтыру қаупіне ұшырауы мүмкін топтарды анықтау үшін талдау жүргізген жоқ. Билік органдары сондай-ақ қысқа мерзімді немесе уақытша босату тетіктерін енгізу арқылы жұқтыру қаупі бар қамаудағылар мен ұсталғандардың санын қысқартуға тырыспады. Билік тұтқындарға жалпы халық үшін бірдей гигиеналық нормаларды сақтау үшін жеткілікті қаражат берген жоқ. Осыған қарамастан, карантин кезінде түрмедегілермен кездесу мүмкін болмағандықтан жазасын өтеушілерге сыртқы әлеммен байланысу үшін арнайы құралдар берілген. Қамаудағылардың медициналық қызмет пен заңдық көмек алуға мүмкіндігі бар деген ақпарат бар. Сондай ақ отбасы мүшелері қорғау шаралары мен гигиеналық нормаларды сақтауды назарға ала отырып, қамаудағыларға азық-түлік пен жеке заттарды жіберуді жалғастыруда, алайда кейбір қамаудағыларға жіберілген сәлемдемелерді алуға рұқсат етілмегені туралы хабарламалар да бар. Тұтқындарды азаптау мен зорлық-зомбылық жөніндегі ақпараттардың келуі жалғасуда. Алайда, бұл ресми мәлімдемелерге қарамастан, кейбір дәлелдемелер тұтқындар мен ұсталғандардың тиісті медициналық көмекке қол жеткізуде қиындықтарға ұшырағанын және қамауда ұстау орындарында тиісті жағдайлар жасалмағандығын көрсетеді.

Мысалы:

Атырау қаласында 3 маусымда қалалық тергеу изоляторындағы сотталушылар өз камераларының терезелері арқылы қанға боялған киімдерін көрсетіп көмек сұрап, медициналық қызмет көрсетуді талап етті. Кейіннен түрме ғимаратының алдына 40-қа жуық туыстар жиналып, тұтқындар оларға телефон арқылы өздерінің "соққыға жығылғанын" хабарлады.<sup>37</sup> Ресми ақпаратқа сәйкес, кешкісін түрмеде бүлік шыққан және бес сотталушы басқа тұтқындарды бүлік шығаруға шақыраған және "күзетте ұстау тәртібін бұзған". Бұл бес тұтқынды түрме күзетшілері кейінірек жеке камераларға отырғызған. Қылмыстық Кодекстің 428-бабы (қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау) бойынша қылмыстық іс қозғалған.<sup>38</sup> Сотталушылардың туыстарының айтуынша, қамаудағылар тергеу изоляторларының қызметкерлері тарапынан бірнеше рет соққыға жығылғандары туралы хабарлаған.<sup>39</sup> Прокуратура қызметкерлері оқиғадан кейін қамаудағылардан жауап алу үшін түрмеге барды. Кейінірек бұқаралық ақпарат құралдарында қамаудағылардың жуыну мен медициналық көмек алу үшін суға тиісті түрде қол жеткізе алмайтындары туралы хабарланды. Бұл COVID-19 пандемиясы кезінде олар ерекше қауіпке ұшырайды дегенді білдіреді.<sup>40</sup>

---

35 <http://sud.gov.kz/rus/news/kak-rabotayut-sudy-posle-snyatiya-rezhima-chp> (орыс тілінде)

36

Осындай жағдайдың мысалы ретіндегі Геннадий Крестьянский мен Юрий Маленькихтің қатысуымен төмендегі сипатталған істерді қараңыз.

37 <https://azh.kz/ru/news/view/68428> (орыс тілінде)

38 [https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj\\_kodeks/428.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/428.htm) (орыс тілінде)

39 <https://azh.kz/ru/news/view/68428> (орыс тілінде)

40 <https://azh.kz/ru/news/view/68499> (орыс тілінде)

Тағы бір оқиға сәуір айының соңында Алматы қаласының тергеу изоляторында болды. 26 наурызда Алматыда блок-бекеттерді түсіргеннен кейін тұтқындалған азаматтық белсенді және блогер Геннадий Крестьянский (оның сот арқылы қудалануы туралы егжей тегжейлі ақпаратты "пікір білдіру еркіндігі" бөлімінен қараңыз), хабарламада айтылғандай, әкімшілік қамауға алынған 10 күндік мерзімін өтеу кезінде тиісті емес жағдайда қамауда болған. Соттан кейін 20 сәуірде Крестьянский сот шешіміне қарсы наразылық ретінде аштық жариялайтынын хабарлады.<sup>41</sup> Оның жариялаған аштығы бес күнге созылды. Крестьянский прокуратураға жолдаған өз хатында былай деп жазды:

**"Қамауға алынғандарды ұстау санитарлық жағдайға барынша қарама-қайшы. Санитарлық-эпидемиологиялық ереже нормалары сақталмайды. Мен орын алған өрескел заң бұзушылықтар жөнінде мекеменің қызметкері мен фельдшеріне бірнеше рет айтқан болатынымын. Осыған кейін қызметкерлер маған қырын қарай бастады..."**<sup>42</sup>  
*- Геннадий Крестьянский, блогер, әкімшілік құқық бұзушылық үшін ұсталды.*

24 сәуірде Крестьянскийдің қан қысымы көтеріліп, түрме қызметкерлеріне жедел жәрдем шақыруға тура келді. Дәрігерлер оның қан қысымын тұрақтандырғаннан кейін, ол мекеме бастығының орынбасарына шақыртылды. Крестьянский кабинеттен шыққанда есінен танып қалғанын айтады. Бірақ ол ауруханаға барудан бас тартқан, себебі дәл сол күні оның апелляциялық шағымы бойынша онлайн-тыңдау тағайындалған еді. Крестьянский одан кейін басқа камераға ауыстырылды. Мұнда басқа тұтқындар оған қысым көрсетіп, қорқытып, намысына тиген.<sup>43</sup> Ол камерадан шығуға талпыныс жасап көрген кезде, күзетшілер оны екі рет ішке итермелеп қайта кіргізген. Крестьянский өз-өзіне қол жұмсайтыны туралы қатты дауыстап айқайлағаннан кейін, оған тергеу изоляторы бастығының орынбасары келген. Содан кейін ол жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жеткізіліп, "мини-инсульт"<sup>44</sup> диагнозы қойылып, ота жасалды. Апелляция бойынша тыңдаулар онлайн түрде оның қатысуынсыз өтті және қамау мерзімі үш тәулікке қысқартылды.

Сондай-ақ Геннадий Крестьянскийдің досы Юрий Маленьких осындай қылмыс жасағаны үшін қамауға алынып, қамауда екі күн отырады. Маленьких та өзі отырған СИЗО-да гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралардың жоқтығын айтты. Маленьких бүкіл тергеу изоляторында тек бір ғана кварцты дезинфекциялау УК-шамының және лазаретте тек бір кесек сабынның болғанын жеткізді. Дәретхана қағазы болған жоқ, ал қамаудағыларға заттарды беруге 26 наурызда ішкі істер министрі тыйым салған. Бұл дегеніміз, қамаудағылардың жеке қауіпсіздігі мен тазалығы үшін қажетті заттарды ала алмайтынын білдіреді.

## Адам құқықтарын бұзу

COVID-19 пандемиясы кезінде Қазақстанда бейбіт жиналыстар өткізу, пікір білдіру және бірлестіктер құру құқықтарын пайдаланған азаматтық белсенділерді, блогерлерді, медицина қызметкерлері мен журналистерді қудалаудың және жауапкершілікке тартудың көптеген жағдайлары болды. Төтенше жағдай мен карантинді енгізу жекелеген адамдарды жауапкершілікке тартуды барынша жеңілдетуге алып келді. Төтенше жағдай туралы қатаң ережелерге байланысты жазалар көбіне қатал болды. Төменде аталған баптар көбінесе төтенше жағдайларды бұзатын азаматтарды жазалау үшін қолданылады:

41 <https://kaztag.kz/ru/news/arestovannyi-na-10-sutok-v-almaty-blogger-gennadiy-krestyanskiy-obyavil-sukhuyu-golodovku>-(орыс тілінде)

42 [https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/dobit-krestyanskogo/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/dobit-krestyanskogo/)-(орыс тілінде)

43

Крестьянскийөзініңпікірібойыншакамерадабіргеотырғанбасқаларғаонықорлауыүшінақшатөлепқойғаны найтады

44 [Transient ischemic attach, is an acute medical condition, which is also known as a mini-stroke.](https://en.wikipedia.org/wiki/Transient_ischemic_attach)  
[https://en.wikipedia.org/wiki/Transient\\_ischemic\\_attach](https://en.wikipedia.org/wiki/Transient_ischemic_attach)

- Жеке тұлғалар төтенше жағдай кезінде билік өкілінің заңды талабына бағынбағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Қылмыстық кодекстің 379-бабына сәйкес, жеке тұлғаларға 5,3 млн.теңге (113 400 еуро немесе 128 000 АҚШ доллары) айыппұл немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуы мүмкін.<sup>45</sup>
- Жеке тұлғалар карантин режимінің бұзылуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық үшін немесе санитарлық-эпидемияға қарсы шараларды сақтамағаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Кінәлі деп танылған тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 476-бабына сәйкес, 26 510 теңге (56 еуро немесе 64 АҚШ доллары) айыппұл немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу түрінде жаза тағайындалуы мүмкін.<sup>46</sup>
- Алматы және Нұр-сұлтан қалаларына кіруге және шығуға тыйым салумен байланысты шектеулерді бұзу 26 510 теңге (56 еуро немесе 64 АҚШ доллары) мөлшерінде айыппұл салуға немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға жазаланады.
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 667-бабына сәйкес құқық қорғау органы қызметкерінің заңды өкіміне бағынбағаны үшін 106 040 теңге (227 еуро немесе 257 АҚШ доллары) мөлшерінде айыппұл немесе 10 тәулікке әкімшілік қамау тағайындалуы мүмкін.<sup>47</sup>
- Әкімшілік жауапкершілік әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 425-бабына сәйкес санитарлық қадағалау органдарының талаптарын сақтамағаны үшін де қолданылады.<sup>48</sup>
- Төтенше жағдай режимін бұзған кәсіпорындар 1 325 000 теңгеге (2800 Еуро немесе 3220 АҚШ доллары) дейінгі мөлшерде айыппұл ала алады, ал олардың қызметіне сот үш айға дейінгі мерзімге тыйым салуы мүмкін.

#### *Бейбіт жиналыстар бостандығы*

Қатаң оқшаулау мен карантин кезінде қабылданған «бейбіт жиындар туралы» жаңа заң жобасы президент Тоқаев пен билік өкілдерінің «заң бейбіт жиындарды реттеуді жақсартады» деген мәлімдемесіне қарамастан, азаматтық қоғам мен халықаралық қауымдастық өкілдерінің алаңдаушылығын туғызды.<sup>49</sup> Дегенмен, АҚМЗСЖҚХБ-ның заң жобасын талдауы оның кейбір ережелері жиналыс еркіндігін шектеулерге алып келетінін көрсетеді. Ақпарат және әлеуметтік даму министрі Дәурен Абаев заң жобасын 2020 жылдың 12 наурызында таныстырды.<sup>50</sup> Заң жобасын 26 наурызда Мәжіліс (қос палаталы парламенттің төменгі палатасы), 30 сәуірде Сенат (жоғарғы палата) мақұлдады. АҚМЗСЖҚХБ директоры Евгений Жовтис 2020 жылы 1 сәуірде Заң жобасы бойынша жұмыс тобынан шықты. Қазақстандық RFE/RL бюросы, "Азаттық радиосына" берген сұхбатында ол жұмыс тобын «өзінің қатысуының ешбір мәнін көрмейтіндігі» себебінен тастап кеткенін мәлімдеді.<sup>51</sup>

Президент Тоқаев 25 мамырда «бейбіт жиындар туралы» жаңа қайта қаралған заңға қол қойды. Қазақстанның азаматтық қоғамы, сонымен қатар АҚХП (IPHR) және басқа да халықаралық үкіметтік емес ұйымдар президентті заңды қабылдамауға шақырды.<sup>52</sup> Ашық хатқа қол қойғандар Қазақстан билігін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКБҰ) Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросының (ДИАҚБ) немесе адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссардың басқармасы сияқты тиісті халықаралық органдардың ұсынымдарын назарға алуға және коронавирус пандемиясы кезінде заңды қабылдамауға шақырды. 30 сәуірдегі ашық хатта:

45 [https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj\\_kodeks/379.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/379.htm)(орыс тілінде)

46 [https://kodeksy-kz.com/ka/ob\\_administrativnyh\\_pravonarusheniyah/476.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/476.htm)(орыс тілінде)

47 [https://kodeksy-kz.com/ka/ob\\_administrativnyh\\_pravonarusheniyah/667.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/667.htm)(орыс тілінде)

48 [https://kodeksy-kz.com/ka/ob\\_administrativnyh\\_pravonarusheniyah/462.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/462.htm)(орыс тілінде)

49 <https://astanatimes.com/2019/12/kazakh-president-announces-major-political-reforms-package/>(ағылшын тілінде)

50 <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2020-03/kak-izmenyat-zakon-o-mitingakh-v-kazakhstane>(орыс тілінде)

51 <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-yevgeniy-zhovtis-freedom-of-assembly-draft-law/30523982.html>(орыс тілінде)

52 <https://www.iphronline.org/wp-content/uploads/2020/05/Open-Letter-to-Tokayev-for-signing-with-logos-final-1.pdf>(ағылшын тілінде)

*"Заң жобасы қазіргі түрінде адам құқықтары саласындағы бірнеше маңызды аспектілер (...) бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Бұны бұған дейін адам құқықтары саласында танымал бірқатар қазақстандық сарапшылар айтты. Осыған байланысты, біз оларға қосыламыз және Заң жобасы әлі күшіне енгенше, құжатты қоғамдық талқылауды қайта салуға және адам құқықтары жөніндегі халықаралық сарапшылардан кеңес алуға шақырамыз. Бейбіт жиналыстар бостандығы, құқығы Қазақстан Қатысушы мемлекет болып табылатын азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 21-бабымен қорғалғаны сізге мәлім екені белгілі".<sup>53</sup>*

*- Президент Тоқаевқа ҮЕҰ атынан ашық хат.*

Заң жиналыстарды өткізу мерзімі мен орны бойынша негізсіз шектеулер енгізілгеніне байланысты сынға ұшырады. Атап айтқанда: бейбіт марш және демонстрациялар өткізер алдында қатысушыларға үкіметтен рұқсат алу талабы сақталағаны; хабарламалар мен рұқсаттар беруге қойылатын кеңістіктік талаптар көзделгені; жиналыстарды (жеке пикеттерден басқа) жергілікті билік орындары таңдаған белгілі бір жерлерде өткізуге рұқсат етілетіні; тек Қазақстан азаматтарына жиналыстарды ұйымдастыруға және оған қатысуға рұқсат берілетіні; жергілікті үкімет орындары қоғамдық жиналыстарды өткізуге өтінімдерді қабылдамай тастай алатын себептердің кең тізімі болуына; ашық жиналыстарды ұйымдастырушылар мен қатысушылардың жауапкершіліктерінің артқаны. Заң сондай-ақ шетел азаматтарына, психикасы бұзылған адамдарға немесе сотпен заң жүзінде құзыретті емес деп таныған азаматтарға митингтерге қатысуға рұқсат бермейді.

Карантин және қатаң оқшаулау сияқты COVID-19 таралуына қарсы күрес үшін қолданылатын шаралар негізгі бостандықтарды шектеу және жаңа заңнаманы тез қабылдау үшін пайдаланылмауы тиіс.

Сондай-ақ, биліктің COVID-19-бен күреске байланысты қабылдаған шараларына қарсы наразылық пикеттермен байланысты оқиғалар да орын алды.

1 сәуірде адамдардың шағын тобы қазақстандық теңгенің құлдырауы мен өздерінің кенеттен инфляция мен пандемияға байланысты қаржылық қиындықтарға ұшырағаны жайлы шағымдарын білдіру үшін облыс әкімдігіне (муниципалитетке) келді. Әкімдік ғимаратындағы күзетшілер карантин ережелеріне сүйене отырып, бұл топтың ғимараттағы қызметкерлерге жақындауына мүмкіндік бермеді. Кейінірек топ ресми тұлғалармен кездесті. Наразылық акциясына қатысушылардың бірі, мүгедек Мұрат Баймағанбетов келесі күні полиция бұйрығына бағынбағаны үшін бес тәулікке қамауға алынды.

13 мамыр күні төрт белсенді Шымкент қаласының алаңында карантинді тоқтатуды талап етіп шағын митинг өткізді. 3 маусымда Шымкент қалалық мамандандырылған әкімшілік соты осы төрт белсендіні заңсыз митинг өткізгені үшін бес күннен алты күнге дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алды. Демонстрация заңсыз деп танылды, себебі белсенділер жиналысты өткізуге алдын ала рұқсат алмаған.

### *Пікір білдіру еркіндігі*

COVID-19 пандемиясы кезінде пікір білдіру еркіндігін қосымша шектейтін ешқандай жаңа заң қабылданған жоқ, бірақ сөз бостандығын шектеген көптеген жағдайлар туралы хабарланды. Алайда, намысына тию және жала жабу бабы маусым айында Қылмыстық кодекстен алынып, Әкімшілік кодекске ауыстырылды.<sup>54</sup>

2020 жылдың 23 наурызында Алматы облысының дәрігері Думан Айтжановқа қарсы қасақана жалған ақпарат тарату айыбы бойынша қылмыстық іс қозғалды (Қылмыстық Кодекстің 274-бабы).<sup>55</sup> 2020 жылдың қаңтар айында Айтжанов «WhatsApp» жеке топтық чаты арқылы достарына коронавирустың

53 <https://www.iphronline.org/wp-content/uploads/2020/05/Open-Letter-to-Tokayev-for-signing-with-logos-final-1.pdf> (ағылшын тілінде)

54 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/klevetu-dekriminaliziruyut-v-kazahstane-405074/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/klevetu-dekriminaliziruyut-v-kazahstane-405074/) (орыс тілінде)

55 <https://www.facebook.com/groups/ActivistsNotExtremists/permalink/2628734647445802/> (орыс тілінде)

қауіптілігі туралы бейне хабарлама жіберген. Айтжанов өзінің бейне хабарламасында Алматыда жұқтырудың 70 жағдайы туралы білетіндігін айтты (алғашқы ресми жағдай екі айдан кейін, наурыз айында тіркелген). Хабарлама көшіріліп, WhatsApp арқылы әлеуметтік желілерде кеңінен таралды. 2020 жылы 31 қаңтарда Айтжанов өзінің бұрынғы видеосын «әзіл» деп мәлімдеп, алдыңғы хабарламаларын көпшілік алдында жоққа шығарған бейне үндеуін жария етті.<sup>56</sup> Осыдан кейін «бұл билік тарапынан жасалған қысымының нәтижесі» деген пікір кеңінен таралған. 24 наурызда Айтжановтың жұмыстан шыққаны белгілі болды.<sup>57</sup>

Ақтөбеде "Қаһарман" құқық қорғау бастамасының мүшесі Дана Жанай мен Алтынай Түксікова 2020 жылы 23 наурызда «Facebook» әлеуметтік желісіндегі "Арнайы қабылдағыштардағы аштық туралы" атты жазбасы үшін полиция тарапынан қылмыстық қудалауға ұшырады.<sup>58</sup> Хабарламада Ақтөбедегі әкімшілік арнайы қабылдау орнында 70 адамның аштыққа ұшырағаны туралы айтылды. 2020 жылдың 25 наурызында белсенді Қарагөз Башигуловаға Facebook-тегі осы жарияланымның/хабарламаның репосты үшін 106 040 теңгеге (227 еуро немесе 246 АҚШ доллары) айыппұл салынды.<sup>59</sup>

YouTube-тегі Бейнеблогер Диас Молдалимовты полиция 2020 жылы 28 наурызда ұстап, жауап алу үшін оны полиция департаментіне жеткізді.<sup>60</sup> Бұдан бір күн бұрын ол YouTube-қа "Қазақстандағы Коронавирус" бейне үндеуін жариялады. Онда ол билікті төтенше жағдай кезінде ұлттық қордың (42 500 теңге көлеміндегі (90 еуро немесе 99 АҚШ доллары) қаражатымен күн көруі қиын адамдардың тағдыры жайлы ойлануға шақырды. Ұлттық қордың бұл қаражаты жұмыссыз азаматтарға немесе төтенше жағдай кезінде жұмыс орындарын жоғалтқан азаматтарға ұсынылды. Молдалимов өзінің бейне үндеуінде адамдардың қанағаттанбауының себептерін түсіндірді және мүмкін болатын салдарлары туралы ескертті. Қылмыстық тергеу төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат таратуға байланысты басталған (Қылмыстық Кодекстің 274-бабы). Молдалимовтан бес сағат бойы жауап алды. Оған әлі күнге дейін ресми айып тағылмаған және ол қорғау құқығы бар куә мәртебесіне ие.

Жоғарыда аталған жағдайда, 26 наурызда екі блогер мен азаматтық белсенділер Геннадий Крестьянский мен Юрий Маленьких Алматы қаласына кіре берістегі блок-бекеттердің біріне келді. Олар бақылау-өткізу пунктінің жұмысын құжаттайтын бейнені түсірді және кейіннен оны Крестьянскийдің Facebook-тегі парақшасына жариялады. Үш күн өткен соң Юрий Маленьких полиция бұйырығына бағынбағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық жасады деп айыпталды. Маленьких екі тәулікке әкімшілік қамауға алынды.<sup>61</sup> Сондай-ақ үш апта өткен соң полиция полковнигі мен Жетісу ауданының жергілікті билік органдарының шенеунігі жазбаша арыз бергеннен кейін Геннадий Крестьянскийге де қарсы Әкімшілік құқық бұзушылық үшін айып тағылды. Крестьянскийге қарсы айып Юрий Маленькихке қарсы қойылған айыппен бірдей болды, бірақ Крестьянский қатаң жаза - он тәулік әкімшілік қамауға алынды.

31 наурыз күні таңертең ерте бір топ полиция қызметкерлері Ақтөбе маңындағы Мәртөк ауылындағы Роман Рейхерт пен оның әйелі Регина Белалованың үйіне тінту жұмыстарын жүргізді.<sup>62</sup> Полиция тінту жүргізу барысында смартфон мен әуе шарын тәркілеген болатын. Белалова полицияның іс-әрекетін видеоға түсіріп алмақ болды, бірақ олар "сотқа дейінгі талқылауға сәйкес тергеу әрекеттері кезіндегі видеоға түсіруге тыйым салуды" сылтауратып оның телефонын тәркіледі. Тінтуден кейін Рейхерт тыйым салынған экстремистік ұйымға қатысы бар болуына байланысты жауап алу үшін Мәртөк аудандық полиция департаментіне жеткізілді (Қылмыстық кодекстің 405-бабы). Белаловадан төрт сағат бойы жауап алынды. Оның телефоны тексерілді, бірақ заңсыз ештеңе табылған жоқ.

56 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/vrach-obyyasnil-rassyilku-70-bolnyih-koronavirusom-almaty-390174/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/vrach-obyyasnil-rassyilku-70-bolnyih-koronavirusom-almaty-390174/)(орыс тілінде)

57 <https://www.facebook.com/groups/ActivistsNotExtremists/permalink/2628734647445802/>(орыс тілінде)

58 <https://www.facebook.com/groups/ActivistsNotExtremists/permalink/2630676590584941/>(орыс тілінде)

59 <https://rus.azattyq.org/a/30501486.html>(орыс тілінде)

60 [https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/na\\_vse\\_voprosy\\_odin\\_otvet/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/na_vse_voprosy_odin_otvet/)(орыс тілінде)

61 <https://zonakz.net/2020/04/20/arestovannyj-na-10-sutok-v-almaty-bloger-gennadij-krestyanskiy-obyavil-suxuyu-golodovku/> (орыс тілінде)

62 [https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/ocherednoi\\_po\\_405/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/ocherednoi_po_405/) (орыс тілінде)

Рейхерт бұған дейін интернетте коронавирус пандемиясы кезінде тиісті әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі үшін билікті сынға алған бейне үндеуін жариялаған.

8 сәуір күні құқық қорғаушы Айгүл Шәкібаева полицияның қарусыз автокөлік жүргізушісін соққыға жыққанының куәсі болды. Автокөлік әдеттегі жылдамдықпен келе жатқан, жанында полиция көлігі тұрған. Шәкібаева бағдаршамның қызыл белгісі жанғанда тоқтайды және полицейлердің машинаға жүгіріп келіп, ашық терезе арқылы жүргізушіні соққылай бастағанына әрі жүргізушінің ешқандай қарсылық белгілерін жасамағанына куә болады. Оқиға төтенше жағдай кезінде орын алды, ол кезде шығуға рұқсат берілген автокөліктер тым аз болатын. Бірнеше сағаттан кейін Шәкібаева бұл туралы Facebook-ке жазып, Алматы ПД баспасөз қызметіне түсініктеме беруді сұраған. 30-40 минуттан кейін оған ПД баспасөз қызметінің жетекшісі Салтанат Әзірбек қоңырау шалып, ол алдыңғы бақылау-өткізу пунктінде тоқтаудан бас тартқан қарулы қылмыскер болғанын мәлімдеді. Әзірбек одан жазған постты алып тастауды сұрады және көрінеу жалған ақпаратты саналы түрде таратқаны үшін, сондай-ақ төтенше жағдай кезінде қылмыс жасау жазаны күшейтуге әкеп соғатыны туралы ескерткен. Алайда Шәкібаева Facebook-те телефон қоңырауы туралы жаңа пост жазды. 13 сәуір күні Шәкібаева тергеуге шақырылды, одан полиция бөліміне келіп арыз бойынша жауап беруді сұраған. Ол көлік жүргізуге рұқсатының жоқ екендігін және өз баласын үйде жалғыз қалдыра алмайтынын айтып бас тартқан. Содан кейін тергеуші оның үйіне келіп жауап алған. Ол тергеушіде алдын ала тергеудің басталғаны туралы есептің, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі хабарламаларының экраны түсірілген суреттердің бар екенін көрген. АҚМЗСЖҚХБ Айгүл Шәкібаева «ешқандай құқық бұзушылық жасаған жоқ» деп санайды. Конституцияның 17-бабына сәйкес "ешкім азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да адамның қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамауға тиіс"<sup>63</sup>. Ал Айгүл осыған куә болып, құқық бұзушылық болғанын айтқан. Жүргізуші қылмыс жасады деген күдікті болса да, қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі-ҚДЖК) 13-бабы<sup>64</sup> мен 197-бабының 4-бөлігі<sup>65</sup> (ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттер жасауға) бойынша қарусыз жүргізушіні ұрып-соғу сияқты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынас қолдануға тыйым салады. Полиция сонымен қатар ҚДЖК-нің 131-бабында<sup>66</sup> және ӘҚБтК-нің 788-бабында<sup>67</sup> көзделген заңды қамауға алу рәсімдерін сақтамаған.

17 сәуірде азаматтық белсенді Альнур Ильяшев төтенше жағдай кезінде жазаны күшейтуге алып келетін Қылмыстық Кодекстің 274-бабын (көрінеу жалған ақпарат тарату) бұзғаны үшін қамауға алынды. Өзінің тұтқындалуына дейін Ильяшев әлеуметтік желілерде "Нұр Отан" басқарушы партиясы туралы сыни пікір жариялады. Мемлекеттік тергеуші Ильяшев "Нұр Отанның" COVID-19 пандемиясымен күресте біліксіз деп айыптауына байланысты қоғамдық пікірге ықпал етуге тырысты деп мәлімдеді.<sup>68</sup> Тергеуші Ильяшевтің жазбаларын ақпан айының аяғынан бастап 2020 жылдың наурыз айының соңына дейін дәлелдемелер ретінде атап көрсетті. Алдын ала тергеу барысында іс жүргізу нормалары бұзылған. Ильяшев те, оның қорғаушысы іс құжаттарына, тергеу материалдарына немесе әлеуметтік желілердегі посттардың сараптамаларына қол жеткізе алмаған. Сондай-ақ, Ильяшевтің отбасына қысым көрсетіліп, құқық қорғау органдарының қызметкерлері расталмаған мәліметтер бойынша олардың үйін тінту кезінде күш қолданды. Ильяшев бейбіт жиындар бостандығы үшін күрескен белгілі қоғам қайраткері. Азаматтық қоғам мен халықаралық бақылаушылар Ильяшев ешқандай қылмыс жасамады, тек өз пікірін еркін білдіру құқығын жүзеге асырды деп санайды. 22 маусымда Ильяшев үш жылға бас бостандығын шектеу және бес жылға дейін қоғамдық және саяси жұмыстармен айналысуға тыйым салу жазасына кесілді.<sup>69</sup>

Алматылық белсенді Даная Қалиева да COVID-19 пандемиясына байланысты пікір білдіру еркіндігін бұзудың құрбаны болды. Жеделхат арнасында (топтық чат платформасы) Қалиева COVID-19 жұқтырған пациенттерге арналған ауруханалар құрылысына, сондай-ақ құрылыс құнына қатысты мәселелерді көтерді. Қазақстандағы ең бай адамдардың бірі болып табылатын VI-Group холдингінің басшысы, олигарх Айдын Рахымбаевқа сұрақтар қойды. 4 мамыр күні Қалиева қорғау құқығы бар

63 [https://www.akorda.kz/en/official\\_documents/constitution](https://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution) (ағылшын тілінде)

64 [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852#pos=913;-18](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852#pos=913;-18) (орыс тілінде)

65 [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852#pos=3574;-18](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852#pos=3574;-18) (орыс тілінде)

66 [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852#pos=2600;-54](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852#pos=2600;-54) (орыс тілінде)

67 [https://kodeksy-kz.com/ka/ob\\_administrativnyh\\_pravonarusheniyah/788.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ob_administrativnyh_pravonarusheniyah/788.htm) (орыс тілінде)

68 <https://www.rferl.org/a/kazakhstan-activist-alnur-ilyashev-/30685517.html> (ағылшын тілінде)

69 <https://www.amnesty.org/en/documents/eur57/2593/2020/en/> (ағылшын тілінде)



куәгер ретінде жауап алу үшін шақырылды. VI-Group компаниясы мен Рахимбаев Қалиеваға көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін (Қылмыстық Кодекстің 274-бабы<sup>70</sup>) (бірақ төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін жазаны күшейте отырып) жауапкершілікке тартпақ болған (4.2-бөлім). Мұндай құқық бұзушылық үшін жаза мерзімі – үш жылдан жеті жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе түрме қамағы. АҚМЗСЖҚХБ мониторингіне сәйкес, VI-Group компаниясы құқықтық дауларға себеп болған бірнеше құрылыс жобаларына қатысқан (2016 жылы ЭКСПО павильонының құлауын қоса алғанда<sup>71</sup>). VI-Group ақыр соңында айыптарды алып тастаған.

Белсенді азаматтардың «үнін шығармау» мақсатында COVID-19<sup>72</sup> инфекциясына тексеруді сылтауратып (ауырмаса да) жедел жәрдем көліктерімен алып кеткендігі жөнінде хабарламалар мен айыптау жағдайлары болды<sup>73</sup>. Бір жағдайда Түркістан тұрғыны қамаудағы досын қолдау үшін оны алып кеткенге дейін оның онлайн-бейне үндеуін жазып алған.<sup>74</sup>

### *Бірлестік бостандығы*

COVID-19 пандемиясы кезінде бірлесу бостандығы құқығы да бұзылған. Бірлестік үшін қылмыстық жауапкершілік тағайындау қарастырылған Қылмыстық кодекстің үш бабы бірнеше рет пайдаланылды. 403-бап<sup>75</sup> қоғамдық бірлестік мүшелерінің мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың қызметіне заңсыз араласқаны үшін жаза қарастырылған.

404 және 405 баптар заңсыз бірлестіктерді құруға, басқаруға және оларға қатысуға жаза қарастырады. Баптар өте түсініксіз құрылған, бұл дегеніміз олардың барлық жерде және субъективті интерпретация үшін ашық екенін білдіреді. Атап айтқанда, 405-бап соңғы жылдары азаматтарды қудалау үшін пайдаланылуда. "Қазақстанның демократиялық таңдауы" (бұдан әрі - ҚДТ) бейбіт саяси оппозициялық қозғалысын Қазақстанда 2018 жылы экстремистік ұйым деп жариялағандықтан және тыйым салынғандықтан, оның он шақты жақтастары мен қозғалыспен байланысты басқа да азаматтар жыл сайын қудалау мен аңдуға ұшырап отырады. Олардың кейбіреулері түрмеге қамауға алынды, басқаларына қоғамдық қызметпен айналысуға және әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салынды.

2020 жылдың көктемінде Қазақстанда бірден танымалдыққа ие болған жаңа тіркелмеген қозғалыс пайда болды. 2020 жылдың наурыз айында тіркелмеген саяси қозғалыс «Көше Партиясына» қатысы бар соттық қудалау оқиғалары болды.<sup>76</sup> Көше партиясы – Қазақстандағы өмір сүру жағдайын жақсартуға және билікті бейбіт ауыстыруға қол жеткізуге ұмтылатын көшбасшысы жоқ тіркелмеген ұйым.

- Шымкенттік азаматтық белсенді 2020 жылы 12 наурызда қоғамдық бірлестіктер туралы заңнаманы бұзғаны және тіркелмеген бірлестіктердің қызметіне қатысқаны үшін әкімшілік сот үкімін кесілді. Белсендіге көше партиясы туралы ақпараты бар парақшаларды таратқаны үшін 132 550 теңгеге (284 еуро немесе 307 АҚШ доллары) айыппұл салынды.
- 2020 жылдың 16 наурызында саяси белсенді Әлия Исенова қоғамдық бірлестіктер туралы заңды бұзғаны үшін (әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 489-бабы) ұсталып, 132 550 теңгеге (284 еуро немесе 307 АҚШ доллары) айыппұл салынды. Исенова Көше партиясын қолдап бейне үндеуін жариялаған.

70 [https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj\\_kodeks/274.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/274.htm)(орыс тілінде)

71 <https://eurasianet.org/kazakhstan-section-central-expo-2017-building-collapses>(ағылшын тілінде)және[https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/bojtes-danai-zadayushhej-voprosy/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/bojtes-danai-zadayushhej-voprosy/)(орыс тілінде)

72

73 <https://youtu.be/nMV4TvC1ktw>(қазақ және орыс тілінде)

74 <https://bureau.kz/novosti/proizvol-ne-terpit-suety/>(орыс тілінде)

75 [https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj\\_kodeks/403.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ugolovnyj_kodeks/403.htm)(орыс тілінде)

76 <https://www.iphronline.org/systematic-persecution-of-cso-activists-attacks-on-freedom-of-expression-and-assembly-continue.html>(ағылшын тілінде)

- 2020 жылы 16 наурызда Айдан мен Айдар Байсағатовтар Көше партиясы туралы ақпарат жазылған парақшалар таратқаннан кейін ұсталып, Өскемендегі полиция бөлімшесіне жеткізілді. Оларға қоғамдық бірлестіктер туралы заңды бұзғаны үшін 132 550 теңге (284 еуро немесе 307 АҚШ доллары) мөлшерінде әкімшілік айыппұл тағайындалды (ӨҚБТК-нің 489-бабы).
- 2020 жылы 16 наурызда Асанәлі Сүйінбаев мүгедектер арбасында Ақтөбе қаласындағы пошта бөлімшесінің жанында Көше партияларының парақшаларын таратты. Сүйінбаевті полиция ұстап, төтенше жағдай режимін бұзғаны үшін 36 114 теңге (78 еуро немесе 88 АҚШ доллары) көлемінде әкімшілік айыппұл алды. Сүйінбаевтың психиатриялық емдеуден өткенін біліп, полицейлер жедел жәрдем шақырып, оны облыстық психоневрологиялық диспансерге жеткізді. Сүйінбаевтың шағымы бойынша 22 мамырда полиция мен диспансер қызметкерлерінің әрекеттеріне қарсы сот процесі басталған.
- АҚМЗСЖҚХБ мониторингіне сәйкес, Семейдің үш саяси белсендісіне қоғамдық бірлестіктер туралы Заңды бұзғаны үшін 132 550 теңгеге (284 еуро немесе 307 АҚШ доллары) айыппұл салынды (ӨҚТК-нің 489-бап. Көше партиясын қолдауға арналған бейне үндеуді жазғаннан кейін).
- 18 наурызда Түркістан облысының Ленгер қаласындағы саяси белсенді Қайрат Сұлтанбеков Көше партиясы туралы ақпарат жазылған парақшаларды таратқаны үшін жауап алуға қатысуға екінші шақыру қағазын алды.
- 2020 жылы 26 наурызда алматылық азаматтық белсендіге және жедел жәрдем дәрігері Андрей Пахотновқа қоғамдық бірлестіктер туралы заңды бұзғаны үшін 132 550 теңгеге (284 еуро немесе 307 АҚШ доллары) айыппұл салынды (ӨҚБТК-нің 489-бабы. Пахотнов Көше партиясын қолдап Facebook-те пост жазды).
- 2020 жылдың 30 наурызында саяси белсендісі Кербез Егінбаева полиция бөліміне «сөйлесуге» телефон арқылы шақырту алған. Егінбаева коронавирусқа қарсы карантиндік шаралар салдарынан үйден шыға алмайтынын айтқан. Одан мекен-жайын беруді сұраған, бірақ ол бас тартқан. Кейінен егер ол бөлімшеге келмесе, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 489 – бабы (2020 жылы 26 наурызда Көше партиясын қолдап Facebook-те жазыған бейне үндеуі үшін) қоғамдық бірлестіктер туралы заңды бұзғаны үшін айып тағылатыны туралы айту үшін оған тағы да қоңырау шалған.

Карантин кезінде Бас прокурор өзінің баспасөз парағында Нұр-сұлтан қаласының Есіл аудандық соты 19 мамырда Көше партиясына экстремистік ұйым ретінде тыйым салу туралы шешім шығарғанын жариялады.<sup>77</sup> Он белсенді Нұр-сұлтан қалалық сотына он апелляциялық шағым түсірді. Онлайн-баспасөз мәслихатын өткізген белсенділер бұл шешімнің саяси астары бар, заңсыз деп санайтындарын, сот процесі партия өкілдерінің қатысуынсыз өткізілгенін және ұйым жұмысына тыйым салынғанын БАҚ арқылы білгендерін айтты. Партияның атынан өкілдік ететін адвокат Ғалым Нұрпейісов партияның не себепті "экстремистік" деп танылғанына ешқандай дәлел берілмегенін атап өтті. Нұрпейісовтың айтуынша, билік "экстремизм" сөзін заң тұрғысынан емес, саяси мағынада қолданған. 20 мамырда прокуратура жариялаған баспасөз хабарламасында Көше партиясы тыйым салынған ҚДТ-ның мүрагері болып саналатыны және осыған орай экстремистік деп танылғаны жөнінде айтылды.<sup>78</sup>

Нұрпейісов тыйым салудың қисынға келмейтініне түсініктеме берді:

*"Бірыңғай құрылымы немесе жарғысы жоқ тіркелмеген қоғамдық қозғалысқа тыйым салу менің ойымша, ешқандай қисынға келмейді. Парламентарилер де, құқық қорғау органдары да бізге "экстремизм" терминінің заңдық түсініктемесін бере алмады. Олар "экстремизм" сөзін*

77 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/v-kazahstane-zapretili-deyatelnost-koshe-partiyasyi-402783/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-kazahstane-zapretili-deyatelnost-koshe-partiyasyi-402783/)(орыс тілінде)

78 <https://bureau.kz/novosti/dvorczy-protiv-uliczy/>(орыс тілінде)

*саяси мағынада пайдаланады. Бұл жерде экстремистік [қозғалыс]ретінде жариялай отырып, олар қандай да бір мысал [анықтау] келтіруге тиісті еді".*

22 мамыр күні Көше партиясының 13 белсендісі Есіл аудандық сотының жанында қозғалысқа тыйым салу туралы соттың ресми шешімін көрсетуді талап шыққан уақытта ұсталды.<sup>79</sup> Белсенділерді арнайы жасақ қызметкерлері ұстап, полиция бөлімшесіне жеткізілді. Сонымен қатар, Көше партиясының көптеген белсенділері қозғалысқа тыйым салу туралы сот шешімі күшіне енгенге дейін Қылмыстық кодекстің 405-бабына (тыйым салынған экстремистік ұйымға қатысу) сәйкес жауап алу үшін шақырылды. 25-26 мамыр күні Қаһарман құқық қорғау бастамасының мәліметінше дәл осындай 20 оқиға тіркелді. Сондай-ақ, азаматтарға Көше партиясымен байланысы бар онлайн-чаттарға қатысып, хабар алмасқаны үшін жауапкершілік жүктелген жағдайлар да болды.

## Тұрғын үй мәселелері

Үкімет карантин кезінде үйсіз азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету немесе қорғау үшін жеткілікті шаралар қабылдамады. Карантин енгізілген кезде, Алматыдағы әлеуметтік жұмысшылар үйсіз адамдарды бақылап отыруға тырысты, бірақ үйсіздер қала көшелерінен жай жоғалып кеткендей болды.

Үйсіздерді қаладан күштеп әкетіп, ауылдық жерлерге, қалалық блок-бекеттерден тыс жерлерде өмір сүру қаражатынсыз қалдырған бірнеше жағдайлар туралы хабарланды.

2 сәуірде БАҚ-та Алматыдан баспанасыз қалған адамдарды (әйелдер мен қарт адамдарды қоса алғанда) қаладан тыс жерлерге шығарып, сонда қалдырды деген ақпарат пайда болды. Бейне хабарламада кем дегенде 7-8 үйсіз адам қала сыртына құқық қорғау органдарының өкілдерімен жүк көліктерімен жеткізілгені және онда не болып жатқаны туралы қандай да бір түсіндірмесіз қалдырылғаны көрсетілген.<sup>80</sup>

Мысалы, Қостанайда саяжай иелері полиция қызметкерлері қаладан үйсіз 15 адамды аудандарына алып келгенін хабарлады. Саяжай иелерінің қарсылығынан кейін үйсіздерді қайтадан фургонға салып, белгісіз бағытқа алып кетті. Одан кейін БАҚ беттерінде карантиндік іс-шаралар аясында Қостанай қаласының полиция басқармасы қаланы бірнеше бағыт бойынша тексеріп, үйсіз азаматтарды іріктеп, шалғай аудандарға апарып тастау оқиғалары талқыланды. Үйсіз адамдарға ауылдық жерлерде тұрғын үй берілген жоқ. Оларға кенттерде азық-түлік сатып алу қиын болды, себебі онда дүкендер аз. Жергілікті билік өкілдері үйсіздерді мәжбүрлеп көшіруге әрекет еткен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты тәртіптік шара қолдануға уәде берді.<sup>81</sup>

"Иә, олар бізді қаладан алып кетті, жағдай осындай". – Алматыдағы үйсіз азамат.<sup>82</sup>

3 сәуірде Алматы полициясы қаладан тыс жерлердегі үйсіздерге (бомждарға) қатысты түсініктеме берді. Онда олар «полиция үйсіздер жөнінде біледі» деген пікірді жоққа шығарды. Алматы полиция департаментінің өкілі Салтанат Әзірбектің айтуы бойынша, баспанасыздарды Алматы маңындағы жерлерге әкеткен жоқ, оның орнына 142 бомж Алматы әлеуметтік бейімдеу орталығына жеткізген. Алайда, бұл мәлімдемелер 3 сәуірде ҚазТАГ интернет-порталында жарияланған бейне арқылы теріске шығарылды. Онда полицейлер де, Алматыдан тыс жерлердегі үйсіздер де көрсетілді, бұл полицияның баспанасыз адамдардың орналасқан жері туралы шын мәнінде білетінін дәлелдейді.<sup>83</sup> Бірнеше апта өткеннен кейін Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев онлайн-баспасөз

79 Соттың ресми шешімі туралы құжаттық болмауы адвокаттардың тікарауын қиындатты.

80 <https://kaztag.kz/ru/news/propavshikh-almatinskikh-bezdomnykh-nashli-v-pole-za-gorodom-pod-dozhdem-video> (орыс тілінде)

81 <https://www.ng.kz/modules/news/article.php?storyid=38361&start=30> (орыс тілінде)

82 <https://kaztag.kz/ru/news/propavshikh-almatinskikh-bezdomnykh-nashli-v-pole-za-gorodom-pod-dozhdem-video> (орыс тілінде)

83 <https://kaztag.kz/ru/news-of-the-day/politsiya-utverzhaet-chto-ne-nakhodila-bomzhey-almaty-na-pustyre-video-oproverzhenie-utverzheniya> (орыс тілінде)

мәслихатында аталмыш жағдайға түсініктеме беріп, оны "қауесет" деп атады<sup>84</sup>. Әкімнің айтуы бойынша, 300 үйсіз азаматқа арналған шатырлы лагерь құрылған. Шатырлы лагерьдің маңында тұратын адамдар АҚМЗСЖҚХБ-ға лагерьдегі адамдардың әл-ауқатына алаңдаушылық білдіріп, "олардың түрлері анау айтқандай жақсы емес" деп хабарлады. Сонымен қатар, лагерьден (оны полиция қызметкерлері күзеткен) қашып кетуге тырсақан адамдар жергілікті тұрғындардан тамақ сұрап, оларды күніне бір рет тамақтандыратынын және шатырларда ұйықтау үшін тым суық болғанын айтқан. Сонымен қатар, лагерьден қашуға талпыныс жасаған кейбір адамдардың аяусыз соққыға жығылғандары туралы хабарламалар да келіп түсті.<sup>85</sup> Алматы полиция департаментінің өкілі шатырлы лагерьдегі үйсіздерге қатысты зорлық-зомбылық туралы ақпарат жалған екендігін мәлімдеді. Бірақ ол бұл мәселені анықтау үшін қандай да бір тергеу жүргізілгенін хабарлаған жоқ.<sup>86</sup> Шатырлы лагерьлерде қанша адам тұратындығы туралы тек қарама-қайшы ақпарат бар. "Билік" ақпараттық агенттігі 180 адам туралы хабарлады. Төтенше жағдайлар департаменті онда 170 адам болды деп мәлімдеді. АҚМЗСЖҚХБ жағдайды бақылағанда, онда 70-ке жуық адам болды. "Билік" ақпарат агенттігінің журналистері жағдайды түсінуге тырысқан кезде оларға лагерьге кіруге рұқсат берілмеді.<sup>87</sup> 4 мамырда АҚМЗСЖҚХБ Алматы қаласының прокурорына хат жолдады, онда бұл жағдай жөнінде алаңдаушылық білдірді. Осы материал жазылған сәтте хатқа жауап алынған жоқ. Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, құқық қорғаушы Жеміс Тұрмағамбетова да Алматы қаласы Әлеуметтік қамсыздандыру департаментінің басшысы Рахат Шимашевамен байланыс жасады. Шимашева шатырлы лагерь олардың юрисдикциясында емес екендігін айтты. Дегенмен, әкімнің (мэрдің) орынбасары қол қойған хаттамасында шатыр лагерьінің тұрғындары төрт рет тамақтанып, киіммен, төсек-орын жабдықтарымен, дәрі-дәрмектермен және жеке тазалық құралдарымен қамтамасыз етілгені айтылады. Сондай-ақ, карантин аяқталғаннан кейін адамдарды одан әрі орналастыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Алайда, төтенше жағдай жойылғаннан кейін шатырлы лагерьдің тұрғындары әлі де қауіпті аймақта болғанына қарамастан, қандай да бір көмек берілместен таратылды.

Апат салдарынан өз үйлерін жоғалтқан адамдар үкіметтен аз ғана көмек алды. 1 мамыр күні Өзбекстандағы Сардоба су қоймасындағы бөгеттің бұзылуына байланысты Түркістан облысындағы 13 кентті су басты. Кенттерде кем дегенде 1300 үй зардап шекті. Түркістан облысындағы су басқан ауыл тұрғындары биліктен қоныс аудару жөнінде ешқандай көмек алмағанын мәлімдеді. 4 мамырдан бастап АҚМЗСЖҚХБ үйін су басып, малының бір бөлігі өлген апат құрбандарынан өтініш ала бастады. АҚМЗСЖҚХБ Мақтарал ауданының әкімдігіне зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету туралы өтініш жолдады.<sup>88</sup>

## Су

Билік барлық мұқтаждарды, әсіресе әйелдер, балалар, қарттар, үйсіздер, мүгедектер мен мигранттар сияқты осал топтарды таза сумен қамтамасыз ете алмады.

БАҚ хабарлағандай, Маңғыстау облысындағы үш ауылдың тұрғындары ақылы түрде ұсынылатын ауыз су алу үшін күн сайын кезекте тұруға мәжбүр.<sup>89</sup> Су алу үшін адамдар таңертеңнен кезекке тұрады және су жинау үшін күні бойы күту керек. Судың құны 4 текше метрге 2000 теңге (4,5 еуро немесе 5 АҚШ доллары). Тазалықты сақтау мен коронавирустық инфекцияның алдын алу үшін суға деген маңызды қажеттілікке қарамастан, карантин кезінде жағдай өзгерген жоқ.

## Білім

84 <https://kaztag.kz/ru/news/sagintaev-utverzhdает-что-situatsiya-s-vyvezennymi-za-almaty-bezdomnymi-eto-slukhi-video>(орыс тілінде)

85 <https://vlast.kz/obsshestvo/39410-gorodok-prizrak.html>(орыс тілінде)

86 <https://vlast.kz/novosti/39687-v-departamente-policii-almaty-otricaut-nasilie-v-palatocnom-gorodke-dla-bezdomnyh.html>(орыс тілінде)

87 <https://vlast.kz/novosti/39687-v-departamente-policii-almaty-otricaut-nasilie-v-palatocnom-gorodke-dla-bezdomnyh.html>(орыс тілінде)

88 [https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya\\_informaciya/zona-zatonuvshih-nadezhd/](https://bureau.kz/novosti/sobstvennaya_informaciya/zona-zatonuvshih-nadezhd/)(орыс тілінде)

89 <https://www.nur.kz/1859151-sutkami-stoat-v-oceredi-za-pitevoj-vodoj-ziteli-mangistauskoj-oblasti.html>(орыс тілінде)

Қазақстандағы білім беру жүйесіне COVID-19 карантин мен пандемиясы айтарлықтай әсер етті. себебі мектептер мен университеттер жабылды, ал оқушылар қашықтан оқуға көшті.

16 наурыздан бастап техникалық, кәсіптік, орта, жоғары оқу орындары мен магистранттар қашықтан оқу тәртібіне ауыстырылды. Бастауыш сынып оқушылары 2020 жылдың 13 наурызында көктемгі демалыстың басында үйлеріне аттанып, оқу жылының соңына дейін мектепке бармады. Осыған ұқсас балабақшаларға шектеу қойылды және балаларға іс-шараларға қатысуға тыйым салатын ережелер енгізілді. Мектептерде бітіру емтихандары алынып тасталды.

5 сәуірде аяқталған көктемгі демалыстардан кейін оқушылар білім берудің барлық спектрі бойынша интернеттегі виртуалды платформаларда оқуды бастауға тиіс болды. Жүйелер тиімсіз жұмыс істеді және сынақтан өткізгеннен кейін қолданыстағы платформалар орнатылғанға дейін бірнеше платформалардан бас тартуға тура келді. Қазақстанда интернетті пайдаланудың нашар сапасы мен деңгейі мәселелерді қиындата түсті. Онлайн-сыныптармен жүктеме сағаты жүйені бұғаттады, сондықтан интернеттің жылдамдығы күннің белгілі бір кезеңдерінде төмендеді.

Теле-сабақтардан басқа, онлайн білім беру сапасына байланысты, әсіресе үйде интернетке қол жетімділігі жоқ балалар үшін көптеген мәселелер болды.

Көптеген ата-аналар өз балаларына смартфондарды пайдалануға рұқсат беруге мәжбүр болды. Себебі көптеген мұғалімдер оқушылармен осылай қарым-қатынас жасауды қалады. Бұл смартфонсыз немесе интернетке қол жетімділігі болмаған отбасылар үшін үлкен кедергі болды. Басқа да көптеген жағдайларда ата-аналардың балаларына көмектесуі қиынға түсті немесе мүмкін емес болды.

**"Көптеген адамдар қазақ тілінде түсіну аса қиынға соққанын айтады. Бізге жіберген тапсырмалар тізімінде барлық есептер тек қазақ тілінде жазылған. Қазақша сөйлемейтіндер бұл тапсырмаларды қалайша орындай алады?! Енді біздің мұғалім тапсырманы орыс тілінде жақшада жаза бастады, бірақ бұған дейін бала ештеңе түсінбеді және не істеу керектігін білмеді".**

*- Светлана Лебедева, баласы екінші сыныпта оқиды.*

Университет студенттері де онлайн-оқытудың сәйкессіз жүйелеріне және интернетке қосылудың бұзылуына шағымданды.

## Теңдік

Карантиндік шаралар енгізілгеннен кейін әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарламалар саны өсті. Қазақстандағы Дағдарыс орталықтары одағының директоры Зулфия Байсақованың айтуынша, карантин кезінде әйелдер дағдарыс орталықтарынан көмек сұрай бастады. Алматы дағдарыс орталығында әдетте ай сайын 35 әйелге қызмет көрсетіледі. Сәуір айында бұл сан екі есе көп болды: 54. Ыстық телефон желісі бойынша әдетте айына 150-ге жуық қоңырау келіп түседі, бірақ 2020 жылдың сәуір айында олар 400-ге жуық болды. WhatsApp ыстық желісі бойынша әдетте айына 60 адам жүгінеді, бірақ сәуір айында олар 200-ге жуық болды.

**"Бізде коронавирус пандемиясы жоқ, бізде үйде зорлық-зомбылық пандемиясы бар".**

*- Зулфия Байсақова, дағдарыс орталықтары одағының басшысы.*

Байсақованың айтуы бойынша, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, әсіресе пандемия сияқты стресстік жағдайлар кезінде отбасындағы зорлық-зомбылық деңгейіне тікелей әсер етеді. Байсақова, сондай-ақ, көптеген адамдар карантин кезінде көп алкогольді қолдана бастады, бұл мәселені қиындатты деп есептейді. Бұрын әйелдер тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағанда басқа қалалардағы отбасы мүшелерімен тұру үшін "қашатын". Ал қатаң оқшаулау кезінде бұл мүмкін емес.

**"Жақында бізге бір әйел SMS-хабарлама жіберген жағдай болды. Күйеуі оны ұрып-соғады. Ол бізге орналасқан жері туралы айтып берді және біз ақпаратты полицияға жібердік. Есікті енесі**

**ашты. Алдын ала біз полициядан әйелмен бетпе-бет кездесулерін өтіндік. Оны бөлмеден шақырды және ол бірден жеке заттары салған сөмкесімен шықты. Ол соншалықты қорқып қалған. Оны біздің баспанаға алып келді".**

- *Зүлфия Байсақова, дағдарыс орталықтары одағының басшысы.*

Алматы дағдарыс орталығы карантин кезінде әйелдерді қабылдауды жалғастырды. Билік дағдарыс орталығына көшірмес бұрын COVID-19 жұқтырмағанына көз жеткізу үшін зорлық-зомбылық құрбандарын уақытша орналастыру үшін үй-жайлар берді. Осылайша, әлеуметтік қызметкерлер мен зорлық-зомбылық құрбандарының денсаулығы мен қауіпсіздігі қорғалды.

Қазақстанның басқа қалаларындағы дағдарыс орталықтары да жұмыстарын жалғастырды. "Қорғау" жеке қорының директоры Анна Рыль, Нұр-Сұлтандағы дағдарыс орталығы сәуір айында 11 әйел мен 27 баланы қабылдағанын жеткізді. "Қорғау" зорлық-зомбылық құрбандарын әдеттегіден көп қабылдады. Себебі елордада мемлекеттік дағдарыс орталығы карантинге байланысты жабылды (COVID-19 емес, қызылша бойынша). "Қорғау" әйелдерге баламалы баспана алуға көмектескен. Рыльдің айтуынша, дағдарыс орталығы әдетте айына 20 қоңырау қабылдайды, бірақ карантин кезінде телефон қоңырауларының саны артып, олар бір апта ішінде он әйелге баспана берген. "Қорғау" сондай-ақ Көкшетау, Қарағанды, Павлодар және Қазақстанның басқа да қалаларындағы орталықтарды басқарады. Бұл орталықтардың қызметкерлері отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың өскенін атап өтті. Рыльдің айтуынша, жағдай нашарлаған, әсіресе, кедей отбасыларында балалар күнделікті мектеп тамағын ала алмаған, себебі мектептер жабылды. Карантин және қатаң оқшаулау енгізілгеннен бері қалаларда жүріп-тұру өте қиын немесе мүмкін емес болды және бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары үшін логистикамен байланысты мәселелерге алып келген. Мысалы, зорлық-зомбылық актілерінен кейін сот-медициналық сараптама қорытындысын алу қиын немесе іс жүзінде мүмкін емес болды. Оның үстіне үйдегі зорлық-зомбылық құрбандарының шабуылдан қашып құтылу мүмкіндіктері тым аз. Көше патруль полициясы әдетте үйдегі зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуге үйретілмеген, сондықтан кейбір құрбандар үйіне оралуға мәжбүр. Кейбір әйелдерде таксиге де ақшалары болмауы мүмкін. Кейбір жағдайларда полиция әйелдер кездесетін қиындықтарды түсіну үшін барлық мүмкіндіктерді жасады және егер біреу Нұр-Сұлтандағы полицияға қоңырау шалып, *"маскалар мен антисептиктер келді ме?"* деген кілт сөзді айтса, полиция дереу көмек жіберді.

Ішкі істер министрлігінде Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ресми деректер жоқ. Үйдегі зорлық-зомбылыққа қылмыстық жаза жоқ және агрессорларға қандай да бір әдеттегі оңалту бағдарламасынсыз 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алу қаупі ғана бар.

АҚХП(IPHR), АҚМЗСЖҚХБ және ҮЕҰ 14 сәуірде Қазақстан Үкіметіне COVID-19 дағдарысы кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық қатеріне ұшыраған әйелдерді қорғау жөніндегі шараларды жақсартуға шақыратын ашық хат жолдады.<sup>90</sup> Ашық хатта билікті жергілікті құқық қорғау органдарының тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының хабарламаларына уақтылы ден қоюға кепілдік беруге, полиция қызметкерлеріне тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы істер бойынша сот тыңдауларын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін, қажет болатын жағдайларда үйдегі зорлық-зомбылық құрбандарына тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы істер бойынша уақтылы сот сараптамаларын алуға мүмкіндік беретін шаралар қабылдау үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында қорғау бұйрықтары мен араласу жөніндегі шаралардың COVID-19 пандемиясына байланысты жағдайлармен қатар басымдылық міндет ретінде қарастырылатыны туралы хабарлауға және психологиялық, ақпараттық қолдауды тәулік бойы ұсыну туралы қоғамды хабардар ету мақсатында қолдау қызметтеріне ақпараттық ықпал етуге шақырады.

## **Мигранттар және этникалық азшылық**

Қазақстан билігі мигранттардың құқықтарын қорғау үшін бірқатар қадамдар жасады. Жоғарыда көрсетілгендей, шетелдіктерге 10 шілдеге дейін елден шығуға рұқсат етілді және мерзімі өткен

90 <https://www.iphronline.org/wp-content/uploads/2020/04/Statement-DV-14.04.pdf>(ағылшын тілінде)

визаларға немесе ұқсас құжаттарға қатысты кез келген заң бұзушылықтар үшін санкциялардың күші жойылды. Алайда, карантин кезінде визалық рәсімдер оңайлатылмаған, ал көші-қон туралы ақпарат ашық және барлығына қолжетімді болмады.

Әсіресе еңбек мигранттары көп зардап шекті. Материалды жазу кезінде Тәжікстаннан келген жүздеген жұмысшы Түркістан облысында тұрып қалды. Олар Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында кемінде екі ай тұрады, себебі шекара карантинге байланысты жабық.<sup>91</sup> Ол жерде көшіп-қонушы ерлерден басқа, балалары бар тұтас отбасылар мен жүкті әйелдер болды. Көшіп-қонушылардың ақшасы жоқ, жуынуға мүмкіндігі жоқ, олар картонда ұйықтап, антисанитарлық жағдайда тамақтанып өмір сүруге мәжбүр. Өзбек кеденшілері ешкімді жібермейді және кейбір қайтыс болған адамдардың мәйіттері ыстықтан бұзылып кетіп жатыр деген хабарламалар бар. Ресейде қайтыс болған тәжік жұмысшы-мигранты мырыш табытта тасымалданды. Бірақ шекарашылар неге екені белгісіз табытты өткізіп жіберуден бас тартты. Салдарынан оның мәйіті мигранттар тоқтаған сол көлік тұрағында күн астында бұзылған. Бұл адам ақырында жерленген. Жергілікті еріктілер Тәжікстан азаматтарына көмектесті. Бірақ билік оларды қорғау үшін ешқандай қадамдар жасамады. Тәжікстан елшілігімен байланысқа шықты бірақ көмек көрсетілген жоқ.<sup>92</sup>

## Ұсыныстар

Қазақстан үкіметі қамтамасыз етуі тиіс:

- пандемия кезінде де пікір білдіру, бірлестіктер мен бейбіт жиналыстар бостандығы сияқты негізгі бостандықтарға кепілдік берілуін;
- пандемия кезінде азаматтық қоғам мен басқа да азаматтардың түсініктемелері аз немесе мүлдем болмайтын азаматтардың бейбіт жиналыстар бостандығына және сандық қауіпсіздікке қатысты құқықтарын қозғайтын заңдар қабылданбауын;
- қамаудағылар сияқты қауіп тобындағы адамдардың жеке тазалық және вирустық инфекциялардан қорғау құралдарына қол жеткізе алуын;
- сот қудалауына ұшыраған адамдарға әділ сот талқылауын қамтамасыз етілуін;
- тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілуін, агрессорларға арналған оңалту бағдарламасы әзірленуі мен зорлық-зомбылық құрбандарының қауіпсіздігіне кепілдік берілуін.

91 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/spim-kartone-kushaem-sredi-trupov-sotni-tadjikov-zastrjali-404103/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/spim-kartone-kushaem-sredi-trupov-sotni-tadjikov-zastrjali-404103/)(орыс тілінде)

92 [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/spim-kartone-kushaem-sredi-trupov-sotni-tadjikov-zastrjali-404103/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/spim-kartone-kushaem-sredi-trupov-sotni-tadjikov-zastrjali-404103/)(орыс тілінде)